

**Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен өтеу мөлшерін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 25 ақпандағы № 47/389-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 10 наурызда № 3621 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 33/359-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облыстық мәслихатының 12.12.2018 № 33/359-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексінің 182 бабының 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мемлекеттік денсаулық сақтау секторы ұйымдарының ауылдық жерде және қала үлгісіндегі кенттерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне коммуналдық қызметтерге және отынға арналған шығыстарды бюджет қаражаты есебінен жылына бір рет 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтеу белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*Қ. Тұрлыбек  
Қ. Ержан*